

Шығыс септік «Шық» сөзінен шығып тұр. Іс- қимыл әрекеттің (**шығу**) тегін білдіреді. Қайдан шықты? Киіз үйден шықты.

Көмектес септік «Көмектесу» сөзінен шығып тұр. Іс-қимыл әрекеттің **көмектесуін** білдіреді. Кіммен көмектесті? Немен көмектесті? Әпкеммен көмектесті. Қаламмен жазды.

Пірімбетов Тұрмаханбет Төлешұлы ағамның пікірі бойынша, қазақ тілінде бір негізден 20-30 сөз жасалуы - үйреншікті құбылыс. Ал, бір «бас» сөзінің 140, «жел» сөзінен 90-нан астам туынды сөздер жасалатыны дәлелденіп отыр. Оған қоса қазақ тілі (жалғамалы) агглюнативті тіл. Яғни, қазақ тіліндегі сөз тудырушы, сөз түрлендіруші, синонимдермен қатар қосымшалар жалғау арқылы бір сөзді жүз құбылтуға болады екен. Осыдан-ақ қазақ тілінің ауқымы кең әрі бай тіл екенін дәлелдеп тұрғандай.

Ағамыздың салып кеткен сара жолын әр оқушының санасына сіңіріп, жүрегіне жеткізу тіл мамандарының парызы деп ойлаймын. Бір құлақтан кіріп, бір құлақтан шығып кетпей, айтылған сөз жүрекке жетіп, іспен дәлелденіп жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Бүгін ағамыздың өшпес мұрасы қазақ тіл білімінде алтын әріппен жазылғандай, мәңгілік мөрі салынғандай күй кештім.

Пайдаланылғын әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі. 1991.
2. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда. 2002.
3. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым. 1989.

Темірқан Замира, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ
Алпысбаева Айман, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ,

Тілдерді дамыту орталығының профессор ассистенті, п.ғ.м.

jarasai160515@mail.ru

СӨЙЛЕУДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ӘДЕБИ

Тіл – қарым-қатынас құралы. Қарым-қатынас екі немесе одан да көп адам қатысатын үрдіс. Қарым-қатынас тілсіз жүзеге аспайды. Қарым-қатынасқа түсу барысында сөйлеушілер өз ойын білдіреді, бұл тілдің көмегімен жүзеге асады. Тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. «Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ халқы да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Сондықтан тіл – адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна.

Тіл – қоғам өмірінің объективті құбылысы, ол бүкіл халық үшін бірдей және адамдар білген құбылыстардың алуан түрін түгел қамтиды. Қазіргі кезеңдегі басты талаптардың бірі – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Жастарымыздың жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, тіл мәдениетін, әдебін қалыптастыру қазіргі уақытта педагогикада да өзекті мәселе болып саналады.

Жалпы тілді халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихы мен мәдениетімен тығыз байланыста қарау И.Гердер, Г.Пауль, В.Вундт, Г.Штейнталь, Э.Сепир, Б.Уорф, т.б. ғалымдардың есімімен байланыстырылады. Қазақ ғалымдары: А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Балақаев, Н.Уәлиев, Р.Сыздықова, Ә.Болғанбаев, Р.Әміров, Қ.Жұбанов т.б. өз еңбектерінде «тіл» ұғымының сан қырлы жағына тоқталады.

Мәдениет туралы түсінікке әр ғалым әр түрлі анықтама береді. Ал «Мәдениет» деген түсінікке тілші-ғалым М.Балақаев: «Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер т.б. – рухани өмір табыстарының жиынтығы», – дейді [1; 10]. Мәдениеттің өзі екіге бөлінеді: материалдық

және рухани мәдениет. Соның ішінде тіл мәдениеті рухани мәдениетке жатады. Тіл мәдениетіне тән нормалар жастардың таза, нақты әдеби тілмен сөйлеуге, диалект сөздер мен дөрекі сөздерді қолданбауға, сөйлеген сөздері жатық, әсерлі, түсінікті болуын қадағалайды. Сонымен қатар, олардың мәнерлеп оқуын, өз ойларын логикалық тұрғыдан байланыстыра, жүйелі жазу дағдыларын қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Тіл мәдениетінің негізгі зерттейтін объектісі – сөз, сөздің дұрыс айтылуы, дұрыс жазылуы, дұрыс қолданылуы, сол арқылы ойдың айқын, әсерлі жетуі, екі ұштылықтың, күңгірттіктің болмауы. Бұл жөнінде тілші-ғалым М.Балақаев: «Тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар, ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы», – деп түсіндіреді [1; 17 б].

Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – сөйлей білу. Адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асыратын – тіл. Тілдік қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсінісу, айту, пікірлесу, айтысу, т.б. әрекетіне тікелей қатысты құбылыс.

Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі маржандай екен» деп дәріптейді.

Адам күнделікті қарым-қатынасқа түседі. Қарым-қатынасқа түсу үшін әрбір адам сөйлеу мәдениетін білу қажет. Сөйлеу мәдениеті – жемісті қарым-қатынасты тудырушы, яғни адам сөйлеу мәдениетін біліп, сақтап жүрсе, оның тәрбиесі, жалпы мәдениеті мен іскерлік қасиеттеріне баға беріледі [2; 5].

Сөйлеу мәдениеті нормаларын сақтау – сөйлеушінің тыңдаушыға деген ілтипатын, ықыласын танытатын, диалогтің ойдағыдай аяқталуына септігін тигізетін қажетті алғышарттардың бірі. Н.Уәлиев өзінің сөз мәдениеті атты еңбегінде: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», – деп анықтама береді [3; 58].

Сөйлеу мәдениеті – белгілі бір мәдениетте сөйлеу формасына, мазмұнына, сипаты мен жағдаяттық орындылығына қойылатын талаптар жиынтығы. Этикет – тарихи құбылыс. Адамдардың жүріс-тұрыс ережесі қоғамның өмір сүру шартының уақыт талабына сай өзгеруіне байланысты ауысып отырады. Этикет абсолюттік монархияның дүниеге келуінен пайда болды. Ежелгі Египет, Қытай, Рим мен Алтын Ордада жүріс-тұрыс ережелеріне бағыну заңдылықтары болған. Этикетті бұзу салдары тайпалар арасындағы кикілжіңдер мен соғыстардың болуына да әсерін тигізген. Әрқашан да этикет белгілі бір әлеуметтік қызмет атқарған. Атақты зерттеуші Н.И.Формановская сөйлеу мәдениетіне былай деп түсініктеме береді: «Сөйлеу мәдениеті астарында ұлттық ерекшелік, стереотиптік жүйе, әңгімелесушімен қарым-қатынас орнату үшін қоғамда қабылданып, сіңіп кеткен тұрақты формулалар және тілдік тәртіпті реттеуші ережелер жатады» [4; 120]. Сөйлеу этикетіне қоштасу, кешірім, өтініш сұрауда қолданылатын сөздер, әр түрлі жағдаяттардағы қарым-қатынас формасы, сөйлеуге сыпайылық реңк беретін екіпін ерешеліктерін жатқызуға болады. Сонымен бірге, сөйлеу мәдениетіне тілде қалыптасқан кінәні мойындау немесе кінәлау, қайғы, көңіл, наразылық білдіру кезінде қолданылатын сөздер де жатады.

Кең мағынада сөйлеу мәдениеті қандай да болмасын сәтті коммуникациялық актіні білдіреді. Сондықтан да сөйлеу мәдениеті – коммуникацияға қатысушылардың өзара қарым-қатынасын жемісті де қисынды ететін тілдік қатынас. Тар мағынада сөйлеу мәдениетін қарым-қатынас әдебі көрініс табатын тілдік амалдар жүйесі ретінде сипаттауға болады. Мысалы,

- лексика негізінде: арнайы сөздер мен тұрақты сөз тіркестері, әдепсіз және ұяққа қалдыратын сөздердің орнына эвфемизм сөздерді қолдану;

- морфология негізінде: бұйрықты сөйлемнің орнына сұраулы сөйлемді қолдану;
- стилистикалық негізде: сауатты да мәдени сөйлеуді қажет ету, сыпайы интонацияны қолдану;
- ұйымдастырушылық-коммуникативтік деңгейде: бөтен әңгімеге араласуға, біреудің сөзін бұзуға тыйым салу және т.б.

Тілші-ғалым Р.Сыздық: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық), нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», – дейді [5; 230]. Адам өміріндегі кез келген қарым-қатынасты жүзеге асырушы ең маңызды құрал – тіл. Тіл – сыр сандық, мәдениет қобдишасы. Ол мәдени құндылықтарды лексикада, грамматикада, сөз тіркестерінде, мақал-мәтелдерде, халық ауыз әдебиетінде, көркем және ғылыми әдебиеттерде, жазбаша және ауызекі сөйлеуде сақтайды. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы кезінде көп қолданылатын, тамырын кең жайған, яғни стереотипке айналған: амандасу, қоштасу, кешірім сұрау, құттықтау, рақмет айту, тілек айту секілді әрбір қарым-қатынаста орын алатын іс-әрекеттер бар.

Тілдің коммуникативтік негізінде сөйлеу мәдениетінің арнайы қызметтері бар. Олар:

1. Байланыс орнату функциясы. Байланыс ретінде: а) достық қарым-қатынасты орнату; ә) ресми сыпайы байланысты орнату мен оны сақтау. Байланыс орнату ұғымына бастапқы қарым-қатынас жағдайы – амандасуды, соңғысы – қоштасуды да жатқызуға болады.

2. Бағыттау функциясы. Сөйлеу этикетінің жүзеге асуы қоғамда қабылданған адамдар арасындағы қатынастың сыпайылығына байланысты. Сыпайылық белгісі – «сіз», яғни «мұғалім» сөзіне «апай», «ағай», -сіз не –сыз сыпайылық жалғауын қосып, үлкен адамға құрмет көрсетуге болады.

3. Реттеу функциясы. Қарым-қатынас орнату кезінде адамдар арасындағы (үлкен-кіші, оқытушы-студент, т.с.с.) қатынасты реттеу сөйлеу мәдениетінің барлық көріністерінде орын алады.

Сөз этикеті осы функциялардың жиынтығы арқылы жүзеге асады. Сөйлеу мәдениетін күнделікті қарым-қатынаста аса ептілікпен қолдана білу қоғамда тәрбиеліліктің белгісі ретінде бағаланады. Олай болса, сөз мәдениеті деген терминге – « белгілі бір мәдени тілдік қоғамдастықта қалыптасқан тілдік, коммуникативтік, этикалық нормалармен эстетикалық принциптерді сақтай отырып, тілдік құралдарды, амал-тәсілдерді қарым-қатынас жағдаятының (ситуациясының) ерекшелігіне сай талғап, таңдап қолдану арқылы көздеген коммуникативтік мақсатқа жетуге барынша мүмкіндік беретіндей тиімді ұйымдастыру», – деп анықтама берілген [6; 448].

Тілдегі ауыспалы мағынадағы сөздерді толықтырып отыратын көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдардың бірі – эвфемизм. Эвфемизм – көркем шығарма тілінде өзіндік тиімді орны, реті бар болып келетін сөз қолданыс түрі. «Эвфемизм, сыпайы сөз (гр. *eu* – жақсы, *phemi* – айтамын) – мағынасы тұрпайы сөздерді сыпайылап жеткізу. Эвфемизм сыпайыгершілікке, әдептілікке байланысты туған. Мысалы, *біреу өлді* деудің орнына *жүріп кетті, қайтпас сапарға кетті, демі кетті* дейді. Сондай-ақ, адамның дене мүшелеріндегі кем-кетікті (саңырау – *құлағының мүкісі бар*, ақсақ – *аяғы кемтар, мүгедек*) сыпайы сөздермен алмастырып қолданады. Тіліміздегі фразеологизмдердің көпшілігі эвфемизм негізінде пайда болған. Мысалы, *аузынан ақ ит кіріп, көк ит шықты, сөзге келді, тіл тигізді, жүз шайысты* сияқты тұрақты тіркестер *ұрысты, ренжісті, ауыр сөздер айтты* деген мағынаны білдіреді [7].

Эвфемизмге қарама-қарсы құбылыс – қарапайым сөздер де халықтың сөйлеу тілінің байлығы боп есептелінеді, әдеби тілді байытып отыратын бір көзі болып саналады. Қарапайым сөздерді көркем туындыларда жазушылар тек стилистикалық мақсатпен ғана қолданып қоймайды. Сонымен қатар әдеби тілді байыту, дамыту мақсатын көздейді.

«Қарапайым сөздер – сөйлеу тілінде сөздің мазмұнын тұрпайыландыра, айналдыра түсу мақсатымен қолданылатын тілдік құралдар. Қарапайым сөздер лексикасына қарапайым, тұрпайы, дөрекі, анайы сөздер (какофемизмдер), варваризмдер, жаргон сөздер мен кейбір диалектизмдер, тұрпайы мәнді фразеологизмдер, т.б. енеді (*шикі өкпе, қара борбай, төмен етек, боқмұрын, сұмырай, суми, сен тұр мен атайын* т.б.). ... Қарапайым сөздердің мынадай ерекшеліктері бар: 1. Стильдік мәні бір нәрсені төмендету, кеміту, бағасын түсірерліктей болады; 2. Диалектизмдер сияқты территориялық жағынан шектелген емес, жалпы халыққа түсінікті, таныс сөздер; 3. Әдеби сөзде қолдануға болмайтын жат сөздер [8].

Әдеби тілдің нормасына жатпайтын, ауызекі тілдің үлгісіне жататын қарапайым сөздердің бір түрі – дисфемизмдер (какофемизмдер). Сыпайы сөздерге (эффемизмдер) қарама-қарсы құбылыс – дисфемизмдер өткен ғасыр мен 21-ғасырдың басында көркем әдебиет туындыларында қолданылатын. Олар тілдегі ауыспалы мағынадағы сөздерді толықтыратын көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдарға жатады. Өкінішке орай, қазіргі уақытта мұндай сөздерді үлкен де, кіші де (ғаламтор желісін ашып қалсаңыз) ешқандай қымсынбай қолдана береді.

Қазіргі уақытта жастардың сөйлеу мәдениеті өзгеше дәрежеде, олардың бір ауыз сөзді айта алмай, өз ойын әрең жеткізіп, кібіртіктеп сөйлейтінін байқап жүрміз. Тілді бақылау жүйесінен, көркем әдебиеттен бас тарту, компьютерлік-технологиялық прогресс, ғаламтор жүйесі жастардың тұтас тілдік бейнесін бұзды. Сөйлеу барысында орысша сөздерге қазақша қосымша не жалпы қолданыстағы сөздерге орысша жалғау жалғап, кірме сөздерді шектен тыс пайдаланып жүргендер жетерлік. Мысалы: *жындыларский зат – күшті зат; құлаққа лапша ілу – өтірік айту; демалыс – халява; бай адам – олигарх; арзан – фуффло; сәнді – гламурный, т.с.с.*

Қорыта айтқанда, тіл байлығы – сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі қолдана білуде.

Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Сөйлеу мәдениеті жетілмейінше, ақыл-ой мәдениетіне жетуіміз қиын. Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен байқалады. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», – деп ұлы Абай тегін айтпаған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Балақаев. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965. – 10 б.
2. М.М.Бахтин. Эстетика словенного творчества. – М.: Искусство, 1986. – 5 б.
3. Н.Уәли. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері. – Алматы, 2007. – 58 б.
4. Н.И.Формановская. «Вы сказали: Здравствуйте!» (Речевой этикет в полном общении). – М.: Знание, 1989. – 120 б.
5. Р.Сыздық. Тілдік норма және оның қалыптасуы (кодификациясы). Астана: «Елорда», 2001. – 230 б.
6. Л.А.Введенская. Культура речи. Серия «Среднее профессиональное образование». – Ростов н/Д: «Феникс», 2004. – 448 б.
7. Эффемизм // Қазақ тілі энциклопедиясы. – Алматы: «ІДК-НІРО», 1998.
8. Қарапайым сөздер // Қазақ тілі энциклопедиясы. – Алматы: «ІДК-НІРО», 1998.